

**Облыстық мәслихаттың 2006 жылғы 12 желтоқсандағы № 317 "Жеңілдіктер беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2010 жылғы 14 шілдедегі № 310 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 28 шілдеде № 3339 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2013 жылғы 14 тамыздағы № 152 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 14.08.2013 № 152 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына және Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңының 3 бабы 3 тармағының 4) тармақшасына және 28 бабына сәйкес облыстық мәслихат

**Ш Е Ш І М**

**Е Т Е Д І :**

1. Облыстық мәслихаттың 2006 жылғы 12 желтоқсандағы № 317 «Жеңілдіктер беру туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3193 тіркелген, «Актюбинский вестник» және «Ақтөбе» газеттерінің 2007 жылғы 5 қаңтардағы № 1-2 жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Шешімнің 2 - тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«2. Жоғарыда аталған қатысушыларға жеңілдіктер беру туралы қоса беріліп отырған Нұсқаулық бекітілсін».

Қосымшадағы «шешіміне Қосымша» деген сөздер «шешімімен бекітілді» деген сөздермен ауыстырылсын;

Қосымша атауындағы «Қағида» деген сөз «Нұсқаулық» деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихаттың  
сессия төрағасы*

*Облыстық мәслихаттың*

*Ж. СЕЙІТПАҒАМБЕТОВ*

*хатшысы*

*Б. ОРДАБАЕВ*

